

ИНФОРМАТИКА

Нұсқау: Сізге берілген төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тапсырмалар беріледі.

1. Жүйелік блоктың негізгі конфигурациясына кіретін ішкі құрылғылар
 - A) принтер, динамик, аналық тақша, процессор, жедел жады, қуат көзі
 - B) монитор, жедел жады, қатқыл диск, бейнекарта, қуат көзі, аналық тақша
 - C) аналық тақша, процессор, жедел жады, қатқыл диск, бейнекарта, қуат көзі
 - D) тінтуір, сканер, жедел жады, қатқыл диск, қуат көзі, монитор
2. Желілердің типтік топологиясының түрлері
 - A) шина, жұлдызша, эллипстік, аралас бұтақты, ұялы
 - B) шина, жұлдызша, сақина, аралас бұтақты, ұялы
 - C) шина, жұлдызша, сақина, ромб, ұялы
 - D) шина, сызықтық, сақина, аралас бұтақты, ұялы
3. «Жеңіс, бүгін дәруменді ішуді ұмытпа!» сөйлемінің ақпараттық қасиеті
 - A) маңыздылық
 - B) нақтылық
 - C) дәлділік
 - D) құндылық
4. Берілген тізімді өзгерпей жаңа тізімді қайтаратын сұрыптау тәсілі
 - A) reverse()
 - B) insert()
 - C) append()
 - D) sorted()
5. Ақпаратты қорғаудың техникалық шараларына жатады
 - A) бейнебақылау, микрофон
 - B) бейнебақылау, дабыл жүйелері
 - C) дабыл жүйелері, микрофон
 - D) микрофон, телефон
6. Басқару құрылғысы
 - A) компьютердің барлық құрылғыларының жұмысын басқарады
 - B) бірінші және екінші қосылғышты сақтайтын орын
 - C) сандық ақпаратты таратуда байланыстырушы ретінде пайдаланылатын өткізгіштер тобы
 - D) ақпаратты түрлендірудің арифметикалық және логикалық операцияларын орындайды
7. Нақты немесе болжалды пайдаланушы қажеттіліктерін қанағаттандыратын функциялар жиынтығын орындау мүмкіндігін беретін программалық жасақтаманың сапа критерийі
 - A) функционалдық
 - B) мобильділік
 - C) эргономикалық
 - D) сенімділік

8. ASCII кодтау кестесінің баламалы (кеңейтілген) бөлігінде орналасқан кодтар

- A) 0-255
- B) 128-255
- C) 0-127
- D) 0-F

9. Деректер қорын басқару жүйесіндегі бір қатардағы ақпарат

id	Аты
1	Әлия
2	Гүлнұр
3	Марат

- A) жазба
- B) атрибут
- C) кортеж
- D) компонент

10. Виртуалды әлемге үйір адам өзінің кейіпкерінің рөліне терең еніп кетуінен болатын әсер

- A) есту қабілетінің нашарлауы
- B) кеңістікте ойлау
- C) мінез-құлқының өзгеруі
- D) көздің нашар көруі

11. Берілген тауарлар ішінен 950 теңгеден жоғары тауарды қызылмен ерекшелеп көрсету үшін сіздің әрекетіңіз

	A	B	C	D
1	р/н	Тауар атауы	Бағасы	Саны
2	1	ет	2300	10
3	2	сүт	220	5
4	3	жұмыртқа	440	10
5	4	картоп	110	8
6	5	томат	950	12
7	6	ірімшік	3200	3
8	7	қырыққабат	150	6
9	8	сәбіз	130	25
10	9	қияр	1100	40

А) «Бағасы» бағанындағы ұяшықтарды ерекшелеу → «Шартты форматтау» → «Ұяшықтарды ерекшелеу ережесі» → «Үлкен...» → «950» - «қызғылт түске бояу»

В) Бағасы» бағанындағы бірінші және соңғы ұяшықтарды ерекшелеу → «Шартты форматтау» → «Ұяшықтарды ерекшелеу ережесі» → «Үлкен...» → «950» - «қызғылт түске бояу»

С) Бағасы» бағанындағы ұяшықтарды ерекшелеу → «Шартты форматтау» → «Ұяшықтарды ерекшелеу ережесі» → «Кіші...» → «950» - «қызғылт түске бояу»

Д) «Саны» бағанындағы ұяшықтарды ерекшелеу → «Шартты форматтау» → «Ұяшықтарды ерекшелеу ережесі» → «Кіші...» → «950» - «қызғылт түске бояу»

12. Программаның нәтижесі

```
my_list1 = [[25, -1, 75], [17, -10, 76], [26, 11, 82]]
my_list2 = [['Uzbekistan', 'Turkey', 'Kazakhstan'],
            ['Russia', 'Tajikistan', 'England']]
print (my_list1[2], my_list2[0][2])
```


А) [17, -10, 76] Kazakhstan

В) [26, 11, 82] Turkey

С) [25, -1, 75] Tajikistan

Д) [26, 11, 82] Kazakhstan

13. Суреттегі логикалық сызбаның құрылымдық формуласы



- A) $A \& B \vee \neg B \& \neg C$
- B) $A \& B \& \neg B \vee \neg C$
- C) $A \& B \vee \neg B \& C$
- D) $A \vee B \vee \neg B \& \neg C$

14. «Емхана» деректер қорындағы «Дәрігерлер» кестесінің бір жазбасына бағынышты кестенің бірнеше жазбасы сай келетін кестелердің арасындағы байланыс түрі

- A) біреуден - көпке
- B) біреуден - біреуге
- C) көпке - біреуден
- D) көптен - көпке

15. Берілген PHP кодында қолданылған жолдың қызметі

```
mysql_close($conn);
```

- A) PHP кодын аяқтау
- B) HTML кодын аяқтау
- C) деректер қорымен байланыс орнату
- D) деректер қорына қосылуды жабу

16. Басқа құрылғыларды және тапсырмаларды орындауды бақылап, деректерді жинап, адамға көмектесетін бірыңғай желіні біріктіретін заттар интернетінің жүзеге асыру шарты

- A) бірыңғай стандарттар
- B) ресмилік
- C) қауіпсіздік
- D) бірыңғай орталық

17. Берілген кестеде Қабылданды бағанында кіріктірілген функция қолданып енгізілген дұрыс формула


	A	B	C	D	E	F
1	Аты-жөні	математика	биология	Қазақстан тарихы	қосынды	қабылданды
2	Абаева Әсел	5	5	5	15	ИА
3	Барлыбаев Мейрамбек	3	4	4	11	ЖОҚ
4	Болатов Ноян	4	5	5	14	ЖОҚ
5	Жалғасбекова Алтын	5	4	5	14	ЖОҚ
6	Нұрмахан Арман	3	4	5	12	ЖОҚ
7	Басықара Ердос	5	5	5	15	ИА

- A) =ЕСЛИ(E2=14;"ИА";"ИА")
 B) =ЕСЛИ(E2>15;"ИА";"ЖОҚ")
 C) =ЕСЛИ(E2>=15;"ЖОҚ";"ИА")
 D) =ЕСЛИ(E2>=15;"ИА";"ЖОҚ")

18. 124_{10} санының он алтылық, екілік санау жүйелеріндегі мәні

- A) $6C_{16}, 1010110_2$
 B) $7C_{16}, 1111100_2$
 C) $6C_{16}, 0001101_2$
 D) $7C_{16}, 0011101_2$

19. MySQL деректер қорында, оң жақты сыртқы біріктіру үшін қолданылған синтаксисті көрсетіңіз



A)

```
SELECT column_name(s)
FROM table
RIGHT table
ON table1.column_name=table.column_name;
```

B)

```
SELECT column_name(s)
FROM table1
LEFT JOIN table2
ON table1.column_name=table2.column_name;
```

C)

```
SELECT column_name(s)
FROM table2
LEFT JOIN table1
ON table1.column_name=table1.column_name;
```

D)

```
SELECT column_name(s)
FROM table1
RIGHT JOIN table2
ON table1.column_name=table2.column_name;
```

20. HTML кодта стиль элементі қолданылған web-құжаттың құрамды бөлігі

```
<html>
<head>
<title> CSS id </title>
<style type = "text/css"> p{background:#0ffff0;color: green;} </style>
</head>
<body>
<p> <b> <u> Стильмен рәсімдеу <u> </b> </p>
</body>
</html>
```

A) <p> </p>

B) <html> </html>

C) <head> </head>

D) <body></body>

Нұсқау: Сізге контекст негізіндегі ұсынылған төрт жауаптан бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары беріледі. Контексті мұқият оқып, берілген тапсырмаларға дұрыс жауап беріңіз.

Арманға информатика пәні мұғалімі үй тапсырмасын берді. Оған программалау бойынша көмектесіңіз. Екіден кем емес кез келген бүтін сан берілген. Оның 1 санынан өзге ең кіші ортақ бөлгішін (ЕКОБ) табу программасын құру керек.

```
n = int(input("2 den кем емес kez kelgen butin san engiz:"))
i=2
while n%i!=0:
    i=i+1
print(n, 'sannin EКOB mani=', i)
```

21. Программаның нәтижесі
 - A) 49 sannin EКOB mani=2
 - B) 49 sannin EКOB mani=9
 - C) 49 sannin EКOB mani=7
 - D) 49 sannin EКOB mani=14
22. Шарты алдын ала берілген оператор
 - A) while
 - B) print
 - C) input
 - D) int
23. print функциясы параметрінен i айнымалысын алып тастағанда программа нәтижесіндегі өзгеріс
 - A) print функциясы орындалады, i мәні шықпайды
 - B) print функциясы i мәнін енгізуді сұрайды
 - C) print функциясы орындалмайды, i мәні шықпайды
 - D) SyntaxError: invalid literal
24. i=2 қолданылу себебі
 - A) шарт енгізілген мәннің 2-ге бөлінетіндігін анықтады
 - B) соңғы шарт 2-ден бастап орындайды
 - C) ортаңғы шарт 2-ден бастап орындайды
 - D) алдын-ала шарт 2-ден бастап орындайды
25. n%i !=0 қандай әрекетті орындайды
 - A) қатардағы тұрған орнын анықтайды
 - B) айнымалыны 0 санымен салыстырады
 - C) жолдың бір бөлігін 0 санымен теңестіреді
 - D) логикалық өрнек ретінде 0 санымен салыстырылады

Нұсқау: Сізге бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар беріледі

26. D7 ұяшығы үшін кірістірілген функция(-лар)

	A	B	C	D
1	Тауар аты	саны	бағасы (т)	құны
2	қалам	10	50	500
3	дәптер	100	18	1800
4	бояу	25	25	625
5	сызғыш	50	45	2250
6	өшіргіш	75	50	3750
7				1785

- A) =ЕСЛИ(D2:D6)
B) =СТЕПЕНЬ(D2:D6)
C) =СУММ(D2:D6)
D) =ЦЕЛОЕ(D2:D6)
E) =ВПР(D2:D6)
F) =СРЗНАЧ(D2:D6)
27. 126_{10} санын екілік және он алтылық жүйеге ауыстырғандағы нәтижесі
A) 1111110_2
B) $7E_{16}$
C) 15_8
D) 1001001_2
E) 11_8
F) 11100_2
28. Startup(стартап)-тың болашағы айқын емес және бәсекелес компанияларды ығыстыруға бағытталған түрлері
A) жаулап алушылар
B) дербес компаниялар
C) өнімін сатушылар
D) күмәнділер
E) сәтті көшірмелер
F) сенімді компаниялар
29. IP-мекенжай түрлері
A) ауқымды
B) ішкі
C) тұтас
D) сыртқы
E) орташа
F) үлкен


30. Биометриялық тексеру

- A) ақпарат қорларының тұтастығын, қолжетімділігін, құпиялылығын қамтамасыз етеді
- B) қолданушы өзінен басқа ешкім білмейтін қандай да бір кілтті немесе парольді білуі
- C) серверге тіркелген қолданушының өзіне ғана тән деректерді енгізуі
- D) адамның түрі мен мимикасын ажырату
- E) серверде енгізілген жеке деректерді тексеру және қабылдау
- F) көздің ішкі тор қабығы, дауыс, саусақтың ізінің қолданылуы

31. Ақиқат кестесінің жауабын анықтаңыз

A	B	C	\bar{A}	$(\bar{A}) \wedge B \vee C$
1	1	1	?	?

- A) 0, 1
 - B) ақиқат, жалған
 - C) false, true
 - D) 0, 0
 - E) 1, 1
 - F) жалған, ақиқат
32. html-кодта суретті тігінен және ені бойынша қою атрибут(-тары)ы
- A) alt
 - B) hspace
 - C) height
 - D) width
 - E) border
 - F) vspace
33. K мен G аралығы 2 тең болса, A мен D аралығына дейінгі ең қысқа жол



- A) 11
- B) AFD
- C) 8
- D) AKD
- E) AGFD
- F) 9

34. F өрнегінің ақиқат кестесінің фрагменті берілген. Сәйкес келетін өрнекті анықтаңыз

A	B	C	F
0	1	0	1
1	0	1	0
1	1	0	0

- A) $A \& \neg B \& C$
- B) $\neg A \& B \& \neg C$
- C) $\neg A \& \neg B \& C$
- D) $\neg A \wedge B \wedge \neg C$
- E) $A \vee \neg B \& C$
- F) $A \wedge B \wedge \neg C$

35. Мәліметтерді деректер қорынан алып, Есептер құру үшін қолданылатын күрделі сұраныс(-тар)

- A) INSERT INTO
- B) JOIN
- C) TABLE
- D) FROM
- E) SELECT
- F) DELETE